



# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№4 (154), 2021  
Сәуір  
Апрель

**2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно**

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап  
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.  
Журнал издается с января-февраля 2006  
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік  
педагогикалық журнал  
Республиканский научно-методический  
педагогический журнал)**

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                      |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>С. Қожакө</b><br>Көшбасшы мұғалім .....                                                                           | 3  |
| <b>Ғ. Айтбаев</b><br>Құқықтық сауаттылық – заман талабы .....                                                        | 5  |
| <b>Қ. Жандарбек</b><br>Оқушылар тұлғасының рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру .....                         | 6  |
| <b>Т. Ібайдулла, Р.К. Манатбаев</b><br>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі альтернативті энергия ..... | 8  |
| <b>Б. Рахатаева, Р. Жаримбетова</b><br>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – қашықтықтан оқыту жүйесінің үздігі .....           | 9  |
| <b>Ж. Жақсылықова, Қ. Жұмабекова</b><br>Әл-Фараби шығармаларының өзін-өзі тану сабақтарындағы рөлі .....             | 10 |
| <b>Қ. Байжұманов, М. Жұманов, А. Әбікен</b><br>Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі .....                             | 14 |
| <b>Ж. Есенкулова, Г. Талипова</b><br>Качество жизни начинается здесь .....                                           | 15 |
| <b>Ж. Кожамкулова</b><br>Слово об отце .....                                                                         | 16 |
| <b>Г. Сисенова</b><br>Жәңгір хан мектебіндегі ұлы тұлғалар .....                                                     | 18 |
| <b>О. Серикбаева</b><br>Интегрированный урок математики, литературы и истории в 5 «в» классе .....                   | 19 |
| <b>У. Давыдов, Г. Камбарова</b><br>Интеллектуальная игра «Полиглот» .....                                            | 20 |
| <b>А. Иниеева</b><br>Работа над штрихами в младших классах .....                                                     | 23 |
| <b>Н. Рахматулина</b><br>Приготовление Азу по-татарски .....                                                         | 25 |
| <b>Ж. Нұрпейісова</b><br>Қазақтың ұлттық киімі – қамзол тігу .....                                                   | 27 |
| <b>М. Нұрғалиева</b><br>Кесте тігу .....                                                                             | 29 |
| <b>А. Абуғалиева</b><br>Жануарлардың достығы. Ыы дыбысы және әрпі .....                                              | 30 |
| <b>К. Баймұратова</b><br>Келтіру формулалары .....                                                                   | 34 |
| <b>А. Курманбекова</b><br>My country. A Folktale .....                                                               | 35 |
| <b>А. Казманова</b><br>Made in the U.K. ....                                                                         | 38 |

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
**«Педагог LTD» ЖШС**

Редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ -  
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**  
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс  
және ақпарат министрлігінде  
қайта тіркеліп, №10965-Ж  
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды  
10.04.2021 ж.  
Офсеттік басылым.  
Тапсырысы: 322.  
Басылым индексі: 75488

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,  
8 777 303 37 67.  
Эл пошта:  
**pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал «Rado Print»  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,  
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:  
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

#### Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА  
Журнал перерегистрирован в Министерстве  
связи и информации РК. Свидетельство  
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 10.04.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





## Көшбасшы мұғалім

Жамбыл облысы Меркі ауданы Ақарал ауылындағы №5 Ақарал жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтбаев Ғабит Күмісбекұлы ұстаздықты бала күнінен армандаған. 1983 жылы 14 тамызда мұғалімдер отбасында дүниеге келді. Әкесі – Айтбаев Күмісбек – мұғалім, жұртқа сыйлы, қолынан бәрі келетін, ағаштан түйін түйген, темірден ою ойған шебер еді. Анасы – Әсем Әділбайқызы да мұғалім, бірнеше жыл Меркі ауданында мектеп директоры болып еңбек етіп, зейнетке шықса да, журналистік жұмысын жалғастырып жүр. Ғабиттің қарындасы Айнур Күмісбекқызы да мұғалім, №1 мектеп-гимназиясында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді. Осындай үлгілі ұстаздар отбасында тәрбиеленген Ғабит Күмісбекұлы мектепті үздік аяқтап, жоғарғы оқу орнын биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, өзі оқыған мектебіне мұғалім болып, еңбек жолын бастады. Осы жылдар ішінде талай шәкірт тәрбиелеп, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, құрметке ие болды. Үлгілі де өнерлі отбасымен бірге, Жамбыл облыстық білім басқармасы өткізген «Өнегелі, өнерлі ұстаздар әулеті» байқауында бас жүлдеге ие болды. Бұған Ғабит Күмісбекұлының аудандық Құрманбек Жандарбеков атындағы саз мектебінің баян сыныбын бітіргені көп пайдасын тигізді. Баянда Чайковскийдің «Колхоздағы той» шығармасын, Моцарттың «Рондосын» орындап, қарындасы Айнурмен бірге Чарль Чаплиннің билерін билегенін, әке-шешесімен қосылып, квартет болып, Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйін орындағанын, қазылар алқасы жоғары бағалап, ұстаздар әулетіне бас жүлде берді.

Талай рет ғылыми жоба тақырыбын таңдап, шәкірттеріне жол көрсету – Ғабит Кү-

місбекұлының сүйікті жұмысы. Атап айтқанда, оқушысы Білдебай Әминатпен бірге, «Газдалған сусындардың зияны» тақырыбында ғылыми жоба қорғап, мектепте 1-орын, ауданда 1-орын, облыста 2-орын иеленді. Республикалық «Дарабоз», «Атадан Мұра», «Ұлы Дала Ұрпағы» байқауларына шәкірттерін қатыстырды. Шәкірті Күмісбек Мердиас «Қазақтың ырым-тыйымдары» тақырыбында ғылыми жоба қорғап, бас жүлдеге ие болды. «Қызғалдақ» Халықаралық



Фестивалінде шәкірт дайындағаны үшін Құрмет Грамотасымен марапатталды. Мектеп директоры Қойшыманова Нұрила Сейсенбайқызы, Ғабиттің бойындағы іскерлікті байқап, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Сондай-ақ облыстық «Экомектеп» жобасы аясында табиғатты ластанудың алдын алуға байланыс-



ты мультфильм түсіру байқауында оқушысы 1-орын алды. Меркі ауданы өзбек этно мәдени бірлестігі өткізген Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні мерекесіне ұйымдастырылған «Достық әнін шырқайық!» фестивалінде тамаша өнер көрсетуге белсене қатысқаны үшін арнайы дипломмен марапатталды. Меркі ауданы аумағында жалпы білім беретін мектептер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни ағымдар мәселесі бойынша жиындар ұйымдастырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Республикалық «Дала сазы» байқауында құқықтық тәрбие бойынша жоғары деңгей көрсеткені үшін 1-орынға ие болды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын ілгерілетуге зор үлес қосқаны үшін мақтау грамотасымен марапатталды. Сонымен бірге Ғабит Күмісбекұлы Қарағанды қаласында өткен Республикалық жас қозғалыс инспекторлары, 19-Ғазиз Байтасов атындағы слетке, Жамбыл облысының атынан «Жас қыран» жасағының жетекшісі болып, командасымен қатысып қайтты. Оқушыларын «Балдәурен» лагеріне демалдырды. Облыс атынан жетекшілік ету кез келген адамға жүктеле бермейді. Ғабит Күмісбекұлы шәкірттерінен құралған команда облыста 1-орынға ие болып, республикалық байқауға жолдама алды. Аудандық ұстаздардың тамыз мәслихатында «Көшбасшы мұғалім» номинациясымен, аудан әкімінің қолынан марапатқа ие болды. Ғабит Күмісбекұлының кеудесіне «Мәртебелі мұғалім» медалі осы ерен еңбектері үшін тағылды. Мінезі сыпайы, адамгершілігі жоғары, ұжымда сыйлы, бүкіл ауылға тәртіптілігімен, биязылығымен жақсы жағынан көрінген Ғабит Күмісбекұлы Айтбаев ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетовтің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Шәкірттері пән олимпиадаларында жоғары көрсеткішке ие болып жүр. Жыл сайын ҰБТ қорытындысы бойынша Ғабит сабақ беретін биология пәнінен 100-ден жоғары ұпай алып, шәкірттері мемлекеттік грант иегерлері атануда. Жаңа заман талабына сай үш айлық, алты айлық, тоғыз

айлық жаңа технологиялар бойынша курстарды оқып бітірді, сертификаттар алды. Әріптестеріне коучингтер өткізіп, аудандық семинарлар өткізіп, ашық сабақтар берді. Құқықтық тәрбие бойынша «Нашақорлық – ғасыр дерті» тақырыбында аудандық құқықтық тәрбие орынбасарларының арасында семинар беріп, білім бөлімінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмаудың алдын – алу мақсатымен талай рет түнгі рейдтер ұйымдастырды. Мектептегі «Әкелер мектебінің» жұмысын, «Ақсақалдар алқасы» құрылтайын жүргізеді. Ата-аналар комитетінде, жалпы жиналыстарында ер балалар тәрбиесі бойынша баяндама жасап, ұлдар тәрбиесі жайлы пікір-сайыстар өткізді.

«Отбасым – байлығым» облыстық байқауына ата-аналарды дайындап, ат әбзелдерін, ертоқым тауып беріп, бейнетаспаға түсіріп даярлағаны үшін 1-орынға ие болды. Елімізде орын алған пандемияға байланысты, қашықтықтан оқытуда да талай рет Халықаралық, Республикалық онлайн байқаулардан, тәрбиеге байланысты чөлентждар түсіріп, бас жүлделерге ие болды. Өткізілген іс-шараларды мерзімді баспасөз беттеріне жариялап отыру – Ғабиттің сүйікті ісі. Республикалық басылымдарға талай мәрте мақалалары жарық көрді. «Шебер ұстаз» категориясына көтеріліп, өз білімін компьютерде тест тапсыру арқылы дәлелдеп, облыстан абыроймен оралды.

Қара шаңыраққа ие болып отырған, отбасында бақытты әке. Жұбайы – Айтолқын да ұстаз, №16 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жанұяда Мердиас, Нұрдиас, Бекдияр есімді алтындай ұлдар тәрбиелеп отыр. Алдағы уақытта да мықты денсаулық тілей отырып, шығармашылық жетістіктерге жете беріңіз, биік белестерді бағындыра беріңіз демекпіз.

Сейсен  
ҚОЖАКЕ,  
журналист.  
Жамбыл облысы.



# Құқықтық сауаттылық - заман талабы



**Ғабит Күмісбекұлы  
АЙТБАЕВ,**  
№5 Ақарал жалпы орта  
білім беретін мектебі  
директордың құқық-  
тық тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары  
Меркі ауданы,  
Жамбыл облысы.

Заманымыздың Заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ұлт боламын десен, бесігіңді түзе», — деген. Бұл тұрғыда бала үшін отбасындағы тәрбиемен қатар мектеп қабырғасындағы құқықтық тәрбиенің де мәні зор.

Осыған орай мектепте күнделікті ең қарапайым нормалар мен қоғамдық жерде өзін-өзі ұстау мәселелеріне арналған түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргіземіз. Педагогтар берген білім мен тәрбиенің арқасында балалар алғаш рет заң, құқықтық нормалар мен талаптар деген бастапқы ұғымдармен танысуда. Біздің оқушылар құқықтық тәрбие мен білімді уақытында алғандықтан әділдік, әділеттік,

жауапкершілік, жеке адам құқықтары деген ұғымдарды терең түсінеді. Өз оқушыларымызға қарап отырып, өз құқықтарын жіті білетін, сауаты мол, көзі ашық, тәрбиелі қоғам мүшесі өсіп келе жатқанын көреміз. Сондықтан мектебімізде әрбір өткізіп жатқан іс-шаралар да жасөспірімдердің теріс әрекеттерге бой алдырмай заң бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған құқықтық тәрбие сағаттарына көбірек қатысуын қадағалаймыз. Мектепке бекітілген полиция инспекторының қатысуымен құқықтық тақырыпқа арналған лекциялар оқылып, заң актілерін түсіндіруге арналған «дөңгелек үстелдер», акциялар, сурет салу жарыстары өткізілді. Ата-аналардың жалпы жиналыстары өтіп, видео роликтер көрсетілді. Ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алу тиімдірек емес пе? Оқушыларды жағымсыз әрекеттерден аулақ жүруіне жіті қадағалау жасалып, балалардың санасына заңды құрметтеуді, оның талаптарын бұлжытпай орындауды үйретудеміз. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жететінін ескерсек, заңды білу — заман талабы екенін ұғынамыз.





# Оқушылар тұлғасының рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру



**Қымбат Бекжанқызы  
ЖАНДАРБЕК,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық  
университеті,  
Әлеуметтік педагогика  
және өзін-өзі тану  
мамандығының 4-курс  
студенті.  
Алматы қаласы.**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада рухани-адамгершілік тәрбиенің оқушылар тұлғасын қалыптастыруда маңызды құралдарының бірі екендігі көрсетіледі. Қазіргі уақытта қоғамдағы мәселелер моральдық нормалардың төмендеуіне жиі ықпал ететіндіктен, оқушы тұлғасының бойында рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру өте маңызды.

**Кілт сөздер:** оқушы тұлғасы, рухани-адамгершілік тәрбие, құндылықтар, мектеп, отбасы.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі — бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру — үлкен қажеттіліктердің бірі. Қазіргі қоғамдық қауымдастықта рухани-адамгершілік құндылықтар тұлға дамуының басты факторына айналып отыр. Еліміздің ертеңгі болашағы мектеп оқушыларының бойында ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі оқу

тәрбие жүйесінің негізгі міндеттері болуда. Адамдардың дүниетанымында, өзіндік санасында рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуы қоғамның дамуымен сабақтасып отырады. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050»: мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясы (14.12.2012 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Әлем дүниетанымдық және құндылықтар дағдарысын бастан өткеруде. Біз қазір экономикалық мәселелерден гөрі, рухани мәселелерге басым назар аударылатын мемлекетіміздің дамуы кезеңіне қадам басудамыз», - деген болатын. Ал Республикалық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін қалаушы С.А. Назарбаева «Дүниежүзілік рухани мәдениет» форумында «Жер бетіндегі адамдардың, алғашқы кезекте үлкендердің басты міндеті — рухани білімді ілгерілетуде өзіне және басқаларға көмек көрсету, оны өскелең жас ұрпаққа жеткізу», деп руханилық мәселелерінің терең екендігіне тоқталған болатын. Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ.

Рухани-адамгершілік тәрбие беру — бүгін ғана пайда болған идея емес, бұл тәрбиенің маңыздылығы қазақ ғұламалары мен қоғам қайраткерлерінің, ағартушы-педагогтардың еңбектерінен әуелден орын алған. Олар адамның дүние-мал жинап емес, рухани азық жинап ғана өмірлік жолын дұрыс басқара алатындығын көрсеткен. Осы тұста Абайдың «толық адам» туралы ойы еске түседі. Абайдың «толық адамы» — адамгершіліктің шыңына жеткен, ақылы толықсыған, ақылы мен қайратын жүрекке бағындыра алатын тұлға. Яғни, оқушылардың бойына рухани құндылықтарды сіңіру арқылы, «толық адам» бей-



несін қалыптастыруға көңіл бөлуіміз қажет. Себебі, оқушы ертеңгі жас, ал жастар-қоғамның жарқын болашағын қалыптастыратын маңызды капитал әрі бүгінде қабылданып жатқан стратегиялық мақсаттардың ертеңгі жүзеге асырушысы болып табылады.

Қазіргі таңда жастардың арасында кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашақорлық, жезөкшелік сияқты жат қылықтармен адамгершілік қасиеттеріміздің жүдеу тартуы жиі көрініс табуда. Осы тұста, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз ойға оралады. Ендеше, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Мұнда, әсіресе, оқушылар тәрбиесіне мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларының ықпалы зор болары сөзсіз. Атап айтар болсақ, мұғалімнің жүйелі және белсенді педагогикалық тәсілдерді басшылыққа ала отырып, әртүрлі әдіс-тәсілдер мен сабақ өткізу формаларын қолдануы. Мысалы, тақырыптық тәрбие сағаттары мен дебат өткізу, жағдаяттық тапсырмалар мен жоба құрастыру, театр мен музейлерге, тарихи орындарға экскурсия жасау, т.б. Сонымен қатар, ғұлама қайраткерлердің рухани-адамгершілік құндылық туралы еңбектері жүйеге келтіріліп, тағылымдық мүмкіндіктеріне қарай жіктеліп, мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізіліп, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында пайдаланылса, онда рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық сана-сезімі жоғары, инабатты, адамгершілігі мол, рухани жан-дүниесі бай, рухы биік жеке тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туындайды, өйткені мектептің оқу-тәрбие үрдісі, тәрбиелік шаралар, мектептен тыс тәрбиелік жұмыс мазмұны рухани-адамгершілік негізде құрылады және сол арқылы бүкіл мектептің тыныс-тіршілігіне оң ықпал жасай алады. Сондай-ақ, оқушы тұлғасын қалыптастыруда отбасының

да алатын рөлі орасан зор. Егер ата-аналардың аз да болса педагогикалық білімі болатын болса, тәрбиенің көптеген мәселелерін алдын алуға болады. Ата-аналар педагогикалық мәдениетке ие болған кезде, олар отбасында қолайлы моральдық климат құра отырып, баланың рухани және адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» - дегендей, ата-ананың сауатты әрі рухани бай болуы балаға жағымды моральдық үлгі болып табылады.

Рухани-адамгершілік білім беру — жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне маңызды рөл атқарады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік білім беру міндеттерін іске асыруда — мұғалім мен отбасының рөлі аса маңызды. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса берілгенде көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. «Тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру — отбасының, мектептің және барша халықтың, қоғамның міндеті.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлт Жоспары — Қазақстандық арманға бастайтын жол» // Егемен Қазақстан, 6 қаңтар, 2016;
2. Назарбаева С.А. Өзін-өзі тану. 2007;
3. Қасымбеков М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. және т.б. Мәңгілік Ел: - Оқулық. Абай атындағы ҚазҰПУ — Алматы: «Ұлағат» баспасы, — 36-37, 2015;
5. Қалиева Л.Е. «Рухани адамгершілік — тәрбиенің қайнар көзі» [www.45minut.kz](http://www.45minut.kz)



# Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі альтернативті энергия

Алматының күре тамырына айналған, ұзыннан созылған Тимирязев көшесінің бойында орналасқан, студенттер мен оқытушылар таңнан кешке дейін ағылып жататын алып ғимарат бар. Ол бүгінде әлемнің ең үздік университетінің ішінде 165-орынды иеленетін, Орталық Азия бойынша үстемділікке ие, Қазақстандағы білім жүйесінің альма-матері - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті.

Бүгінде Елбасымыздың «Қазақстанда 2050 жылға дейін электр энергиясын өндіруді дамыту туралы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қарқынды жұмыс істеп келеді. Оқу орнының басты мақсаты — энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамыту. Еліміздің орналасқан географиялық аумағы мен климаттық жағдайы энергия көздерін табиғаттан өндіруге өте қолайлы. Әсіресе, күн мен жел, геотермиялық энергия көзін тиімді әрі ұтымды пайдалана отырып, технологияларды белсенді етуге атсалысып жатырмыз. Жатақханалар тізіле орналасқан бағытқа жол тартсаңыз, бір емес бірнеше көкке мойнын ұсынып тұрған, көпке таңсық жаңа дүниені көзіңіз шалады. Ал шын мәнінде бұл — болашақтағы энергия тапшылығына жол бермейтін профессорлардың, оқытушылардың жетекшілігімен өскелең ұрпақтың жасаған құралдары. Бұл «фотоэлектрлік немесе фотовольталық қондырғы» деп аталады. Дәл осындай көріністі бір емес, қалашықтың бірнеше бөлігінен тамашалай аласыз. Бұл — университеттің болашаққа жасап жатқан алғашқы қадамдары. Ақылдылар ауадан пайда болмайды, олардың білімін тереңдетіп, ой көкжиегін кеңейтіп, әрі қарай сана-сезімін дамытуға атсалысуымыз қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сарқылмайтын ресурстан энергия алу мақсатында 2019 жылы Францияның ірі «Электристе де Франс» компаниясымен келісім шарт жасасты. Келісімнің мақсаты — университет аумағында «Ақылды кампус» жасау және альтернативті энергия алу жұмыстарын дамыту. «Электристе де Франс» Францияда АЭС-ның

59 блогына иелік етіп, 25 миллион үйді қуатпен қамтамасыз етіп отыр. «Ақылды кампус» жобасы альтернативті энергияны дамытуға жасалған ең ірі қадамдардың бірі болып отыр.

ҚазҰУ бүгінгі таңда БҰҰ табиғатты қорғау, сарқылмайтын және қалпына келетін энергия көздерін дамыту жобаларына қатысып, өз белсенділігін көрсетіп келеді. Бұдан бөлек оқу орыны Үндістанның «Refex Group» компаниясымен меморандумға қол қойды. Осылайша университет альтернативті қуат көзінің орталығына айналып, Орта Азия және Еуропа елдеріне тәжірибемен бөліспекші.

Келісім шарт және «Ақылды кампус» жобасы аясында университет аумағында күн және жел энергиясы қондырғылары мен су электр станциясының моделі ашылды. Сонымен қатар студенттердің ғылыми жобалары мен оларды қолдау мақсатында «Инновациялық орталық» жұмыс істейді.

Қазіргі таңда энергияның 85%-ы жергілікті көмірді және аз көлемде көмірсутекті шикізаттарды жағу жолымен алынады. Бірақ Қазақстанның байлығы жердің астында да, үстінде де емес, адамдардың жүрегінде, санасында, ойлау қабілетінде жатыр. Сарқылатын қазба байлықтардың бір күні таусылатыны сөзсіз. Сол үшін эксплуатациялық шығынға ұшыратпаудың қамын жасағанымыз абзал. Ал білім мен ақылға кемелденген жастарды осы бастан тәрбиелеп, кез келген қауіптің алдын алу үшін ҚазҰУ бүгіннен бастап әрекет етіп жатыр.

**Т.А. ІБАЙДУЛЛА,**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық университеті**

**«Жылуэнергетикасы» білім беру  
бағдарламасының 1-курс магистранты,  
Р.К. МАНАТБАЕВ,**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық университеті  
жылуфизика және техникалық физика  
кафедрасының аға оқытушысы.  
Алматы қаласы.**



# Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – қашықтықтан оқыту жүйесінің үздігі

2020 жылы әлем бойынша төтенше жағдай орын алды. Бұл мәселе Қазақстанды да сырт айналып өтпеді. Пандемия жағдайында білім беру ісін тоқтатпай, сабақ өту барысын жалғастыру мақсатында барлық оқу орындары қашықтықтан білім беруге көшті. Қазіргі таңда университеттер тек оқу орны ғана емес, жаңа идеялар мен инновациялық дамудың орталығы болып отыр. Сондықтан еліміздегі жоғарғы оқу орындарының арасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алғашқылардың бірі болып қашықтықтан оқытуға дайын екендігін білдірді.

Төтенше жағдай басталған кезде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңа «Университет 4.0» жобасын қабылдаған еді. Бұл жоба сабақ өту барысында ешқандай өзгеріссіз онлайн форматқа көшуге көмегін тигізді. Осылайша оқытушылар мен студенттер аз уақыттың ішінде білім берудің жаңа формасын игерді.

Дәріс, семинар және практикалық сабақтардың барлығы онлайн режимінде өткізілді. Жүз мыңға жуық студент толығымен қашықтықтан оқуға көшті. 2020 жылдың 16 наурызында ҚазҰУ онлайн режимге арналған білім беру технологияларын енгізді. Бұл технологиялар екі негізгі ақпараттық-танымдық жүйелер – «Универ» (univer.kaznu.kz) және «MOODLE» (dl.kaznu.kz) арқылы жүзеге асты. «MOODLE» жүйесі – білім алушыларға арнап қашықтықтан сабақ өту үшін жасалған арнайы платформа. Екі тілде жұмыс істейтін жүйе 2008 жылдан бері бар. Бұл университеттің қысқа мерзім ішінде жаңа форматқа көшуіне үлкен көмегін тигізді деп айтуға болады.

Университеттің білім беру ісі бойынша проректоры А. Хикметовтың айтуы бойынша, IT-құрылымының дамуы, жаңа технологияларды кеңінен пайдалану барлық 16 факультет студенттерін қашықтықтан білім берумен қамтуға жеткілікті. Мәселен «Универ» жүйесі арқылы программист-мамандар оқытушылар мен студенттердің сабақ кестесін бақылап, жалпы оқу процесін тексере алады. Ал «MOODLE» көмегімен студенттер керекті

қосымша ақпараттарды алып, тест және өзге де тапсырмаларды орындайды.

ҚазҰУ-дағы онлайн білім беру жүйесін жеңілдету мақсатында оқытушылар және студенттер «ZOOM», «Microsoft Teams» сынды онлайн-конференция өткізуге мүмкіндік беретін арнайы қосымшаларды қолданады. Бұл тәлімгер мен білім алушы арасындағы байланысты күшейтіп, сабақ беру процесін одан әрі оңтайландыра түсті.

Айта кету керек, университет білім сапасын арттыру мақсатында әлемдік онлайн білім беру ісінің үздігі «Coursera» платформасына ұсыныс тастап, «Coursera for Campus» жобасын іске қосты. Осылайша студенттер қосымша ақпарат алып, пандемия уақытында сертификаттарды иеленуге мүмкіндік алды. «Coursera for Campus» жүйесі 5 000 студентке арналған. Жүйеден 3 800-ге жуық курс табуға болады.

Сонымен қатар ҚазҰУ әскери кафедрасы да онлайн форматта білім беру ісін тиімді жүргізіп келеді. Кафедра ұстаздарының қолға алуымен жасалған арнайы электронды оқулықтар студенттер үшін қолжетімді. Мұнда тек теориялық ақпараттар ғана емес, түрлі тесттер, бейне файлдар мен сұрақ-жауап форматындағы тапсырмалар енгізілген.

Аз уақыттың ішінде университетте көп жұмыс атқарылды. Профессорлық және ұстаздар ұжымының бірлесе жұмыс істеуі жаңа платформа мен жобаларды жылдам игеруге мүмкіндік берді. ҚазҰУ осындай қиын кезеңде қандай жағдай болмасын, білім сапасын жоғарғы деңгейде сақтап, қысқа мерзімде кез келген форматқа икемделе алатынын тағы да дәлелдеді.

**Бибижан РАХАТАЕВА,**  
**«Жылуэнергетикасы» білім беру бағдарла-**  
**масының 1-курс магистранты.**  
**Р.Н. ЖАРИМБЕТОВА,**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің шет тілдер**  
**кафедрасының аға оқытушысы.**  
**Алматы қаласы.**



# Әл-Фараби шығармаларының өзін-өзі тану сабақтарындағы рөлі

**Аңдатпа:** Мақалада Ұлы ғалым Әл-Фараби шығармашылығына толыққанды тоқталып, оның пайымдауларындағы рухани-адамгершілік құндылықтарын «Өзін-өзі» тану сабақтарында қолдану қарастырылған. Тұлғаны қалыптастыру барысында атқарылуға тиіс әрекеттерді зерттеп, бүгінгі педагогикаға кірістірудің маңыздылығын ашу көзделген. Бұл жаңашылдықтың сабақ беру барысында өскелең ұрпақ бойына өзіндік ықпал ететінін дәлелдеу мақсат етілген.

**Кілт сөздер:** өзін-өзі тану, жүрек, адам, тұлға, бақыт, ақыл-парасат, мінез-құлық.

Қазақ халқының тарихында есімі ел есінде қалған азаматтар саны жетіп артылады. Кемеңгерлігі, ақыл, парасатымен ерекшеленетін тұлғалардың бірі әрі бірегейі-Әл-Фараби атамыз десек, артық айтпағанымыз болар. Бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, ғылымның түрлі саласында еңбектер қалдырған Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки (870-950 ж.ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Отырар қаласында туған. [1]

Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің 2-ұстазы» [2] атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды.

Ғұламаның адамгершілік ізгіліктер туралы пайымдаулары «Өзін-өзі тану» пәні арқылы берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі іспеттес. Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді.

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғым-

дарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Жеке тұлғаны қалыптастыруды әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады». [4]

Әбу Насыр Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан-жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» [3], «Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері» және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Жалпы педагогиканың бір саласы болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырымдамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші



педагогикалық ой-пікірлері айқындайды. «Тәрбие тәжірибе және іс-әрекет арқылы беріледі», - деді әл-Фараби. Сол себепті әл-Фараби алдымен «Қайырымды қала» идеалы гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйеледі. Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жас-өспірімдер тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған.

«Тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру арқылы үйретіледі». Бұл анықтамалардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады.

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды. [4]

Тәрбиелей отыра білім беру, білім бере отыра тұлға қалыптастыру түсінігі, Әл Фарабиден қалды десек, қателеспейтініміз анық. Ол: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды. Ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді. Оның берген сабағы мен ғылымына шәкірті селсоқ қарайтын болады», дейді.

Әл-Фараби тәрбие идеалы. Оның дүниетанымдық пайымы бойынша ақылдың төрт тұғыры болып табылатын топырақ, ауа, от, су ізгі мемлекетте әділ заң (құқықтық мемлекет), ақыл, парасат (ақылды мемлекет), дәулет, байлық (бай-қуатты мемлекет), қанағатшылдық (өмір сүру салты) арқылы толық жүзеге асады деген сенімде болды. [4]

Фараби жасаған қортындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – тән мен жан қасиет-

терінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Әл-Фараби еңбектерінде адамның тұлға ретіндегі маңыздылығы әрқашан басты тақырыптардың бірі ретінде сипатталған. Мәселен, оның «Логика» ғылымы туралы еңбегінде: «Егер біз осы заңдарды меңгерген соң, белгілі бір нәрсенің ақиқатына жеткіміз келсе және өзіміз үшін оны растағымыз келсе, онда ақиқатына жеткіміз келген нәрсені ізденгенде, біз өзіміздің ақыл-парасатымызды әрекетсіз қалдыра алмаймыз, оның белгісіз бұлдырда қалқып жүруіне жол бермейміз, және өз дегенімізге қандай жолмен болса да жетуге тырыссақ, біздің қателесуіміз мүмкін және ақиқат еместі ақиқат деп қабылдағанымызды сезбей қалуымыз мүмкін. Сондықтан өзіміздің мақсатымызға жету үшін біз қандай жолмен жүруіміз керек екенін, қайда бара жатқанымызды және жолымызды қайдан бастау керек екенін және ақыл-парасатымыздың көзі неге жеткенін, ақылымыздың нәрселерді бірінен соң бірін қалай танитынын білуіміз керек; осы арқылы біз өзімізді адастырып кететін, біз үшін анық емес нәрселердің бәрін білеміз де, жолымызда соның бәрінен сақтанамыз», деген болатын. Бұл сөздердің астарында адамның өзіндік дәрежесінің қаншалықты маңызды екені тілге тиек етілген. Оған қоса, өзіндік ойдың болуы, жүрек қалауының көрініс табуы аса қажет екені де айтылған. Бұған, әл-Фарабидің келесі сөздері дәлел. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [6], - деп жүрекке шешуші мән береді.

Жалпы, өзін-өзі танудың түрлі сала бойынша жіктелетіні анық. Адамның толық тұлға болып қалыптасуы барысында көптеген факторлар әсер етеді. Әрбір жанның білімі мен өзін-өзі ұстауы, әр заманда да талқыланып келгені әл-Фараби жазбаларынан аңғаруға болады. Мәселен, «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде [2] адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп талдайды. Әл-Фа-



раби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.

Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен [7]. Әсіресе, әл-Фараби тәрізді қайрат, ақыл, жүректі басшылыққа алып, Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек, - деп ұлы ойшылдың сөздерін ұлы Абай да құптаған. Әсіресе, «Үстем күштің мекені — жүректе» [8] деген сөздерін, Абай Құнанбаев та қолдап, сөз «жүректің көзі ашылса», «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз», «жүрекке билет», «ыстық жүрек», деген секілді тіркестерді үнемі ең басты назарға алып отырған. Бұл жерде қос тұлғаның да адамның басты артықшылықтарын сипаттау барысында ойлары бір арнаға тоғысып, көрініс тапқанын байқаймыз. Қай заманда болсын, жер бетіндегі тіршілік атаулысында адамның орыны ерекше болғандықтан, ғалымдар еңбектерінде, ақындар өлеңдеріне қосып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Өзін-өзі тану сабақтарында өткен тарих тағылымдарымен сабақтастырудың рөлі зор. Сол себепті біз ұлы тұлғалардың ауызынан шыққан, қағаз бетіне түсірген әр еңбектеріне жіті мән беріп, назарға алуға тырысамыз.

Адамның саналы өмірін қамтамасыз ететін — денінің саулығы мен жан саулығы. Осы екеуі бір-біріне сай, үйлесім тапқанда ғана адам бақытты бола алады. Денсаулықты дәрігер қадағаласа, жан саулығы — аса күрделі; ол адамның өзінің дүниеге көзқарасынан бастап, алған біліміне, тәрбиесіне, өмірлік мақсатына, мамандығына, қоршаған әлеуметтік ортасына сияқты көптеген факторларға байланысты.

«Дене сияқты жанда да өзіне тән денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсе-

рінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады». «Жаман мінез-құлық — рухани кесел». Жан сұлулығы, жақсы мінез адамды қайырымды етеді. «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда, қалаларда теріс қылықтар жойылады», деген дана сөздерін басшылыққа алып, тұлғаның толық қалыптасуына ықпал етуге болады. [9].

«Бақыт туралы» кітабында жарияланған бұл жазбалардың мәні араға қанша уақыт салса да еш өзгермеген. Себебі, заман өзгерсе де, адами құндылықтар өз қалыбын сақтай бермек. Тіршілік иелерінің өзгелерге ұқсамайтын ерекше қасиеті, адам ретінде ақыл-ой беріліп, сана-сезімге ие болуында. Сол себепті тұлғаның өзіне тән ерекшеліктері әрқашан талқылана бермек. Адамның өз-өзіне көңілі толып, бақытқа кенелуінің де түрлі тұжырымдамалары бар. Әл-Фараби атамыз да өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады [10].

«Бақыт дегеніміз — ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар — өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар — данышпан адамдар», дейді ол өз еңбектерінде [6].

Сондай-ақ ғұлама ғалым, адами құндылықтарды дәріптеу барысында, көркем мінезге де тоқталып өткен. Адамның өзіндік дамуы барысында жақсы қарым-қатынастың болуы қаншалықты маңызға ие екендігін алға тартады. «Біз қандай әрекет, қандай іс істесек те содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болады» дей келіп, «Сезімдік рахат бізді жақсы (әрекеттер) жасауға итеретінін көрсек, біз соны істеуге бейім тұрамыз. Адам осы рахаттардан бас тартуға немесе белгілі бір мөлшерде соларды азайтуға қабілеті болса, мұның өзі оны мадақтайтын мінез-құлықтарға бір табан жақындатады» [9], деп тұлғаның толысуы үшін оңтайлы әрекеттерді жіпке тізгендей етіп баяндап берген болатын.



Әркімнің өз шығар биігі бар десек, Әбу Насыр әл-Фараби — өзіндік шырқау биігіне шыға білген, бір өзі-ақ бір университет бола алған заңғар тұлға. Ғұлама тұлға тұғырының берік болуына баса мән береді. Мына әлемді адасудан жартылай құтқарар тек тәрбиелі тұлғалар екендігіне кәміл сенеді, сендіреді. Сәйкесінше, тәрбиелеуді адамның бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнер қуатын дарыту тұрғысында таразылайды. Демек, тәрбие — толыққанды тұлға қалыптасуының басы. Бұл орайда, ғұлама әл-Фарабиге сүйене айтар болсақ, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. Жаман қылық — жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек. Қысқасы, педагог-ғалым әл-Фараби: «Тәрбиеші — мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол — күллі ой мен қимыл іс-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі», — деп түйіндеген. Әбу Насыр әл-Фарабише, адамның тоқымашы не атбегі болып тумайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға бітпейді. Егер де адамның тәндік жаратылысы дамуының негізгі көрсеткіші дененің саулығы болса да, адам атаулы кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Десек те, адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетері даусыз. Тек дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталмақ. Асылы, ең тамаша әрекет — бақытқа қол жеткізетін еркіндік болса керекті. Ал еркіндік аясында қол жеткізер бақыт, қуаныш және ләззат сезімдері асқан сұлу, ең әсем және аса көркем дүниелерді қолмен ұстағандай айқын және кемел дүниелер ретінде танып-білу арқылы ғана пайда болып, толық болмысқа ие болмақ. [10]

Используя ЭМП выполнить тестовое задание кроссворд в электронной программе. <https://drive.google.com/file/d/1pW6Lcq9Oirq8P7WxEFznQf6Enh7F2272/view?usp=sharing>

**3. Текущий инструктаж.** Самостоятельная



работа студентов Обходы рабочих мест учащихся с целью проверки

3.1. Организация рабочих мест. Проверка рабочих мест студентов;

3.2. Соблюдение технологического процесса приготовления блюда.

Контроль соблюдения технологии приготовления.

1. Технологическая карта;

2. Алгоритм приготовления

**Физминутка.** Включить музыку. Зарядка под музыку.

3.3. Соблюдение правил техники безопасности;

3.4. Контроль и самоконтроль усвоения знаний и способов деятельности. Раздать карты критерий оценивания. Таблица критерии оценок. Оценочный лист.

**4. Заключительный инструктаж** 4.1. Приём и оценка выполняемых работ.

Оценивание работ в соответствии с требо-

ванием к качеству.

Азу имеет цвет темно-красный, мягкую консистенцию, вкус и запах овощей и специй. Куски мяса должны сохранить форму. Подведение итогов урока. Выставление оценок и комментирование.

#### 4.2. Рефлексия «Телеграмма»

После завершения занятия каждому предлагается заполнить бланк телеграммы, получив при этом следующую инструкцию: «Что вы думаете о прошедшем занятии? Что было для вас важным? Чему вы научились? Что вам понравилось? Что осталось неясным? В каком направлении нам стоит продвигаться дальше? Напишите мне, пожалуйста, об этом короткое послание — телеграмму из 11 слов. Я хочу узнать ваше мнение для того, чтобы учитывать его в дальнейшей работе».

**4.3. Информирование о домашнем задании.** Составить таблицу мелкокусковых полуфабрикатов.



## Қазақтың ұлттық киімі – қамзол тігу

### Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларға қамзол және оның түрлері жайлы мағлұмат беру, қамзолдың шығу тарихымен, қамзолға қажет мата түрлерімен таныстыру;

- Оқушылардың шығармашылығын, қолөнер шеберлігін, қызығушылықтарын, эстетикалық талғамын дамыту;

- Оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыра отырып, шыдамдылыққа, жинақылыққа, жауапкершілікке, әсемдікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Сабақтың әдісі:** сөздік, көрнекілік, практикалық, сұрақ-жауап.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, сызу, бейнелеу өнері.

**Сабақтың барысы:**

### I. Ұйымдастыру кезеңі;

### II. Үй тапсырмасын тексеру;

### III. Жаңа тақырыпты әңгімелеу.

Қамзол (камзол) — әйелдер ұлт киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты асыл, сапалы кездемелерден тігіледі. Қамзолды кей жерлерде «жеңсіз бешпент» немесе «кәзекей» деп те атайды. Қамзолда жең де, жаға да болмайды және де екі өңірі тек тыс пен астардан тұрады. Қамзолдың астары үшін көбінесе атлас, шағи, торғын пайдаланылады. Оның екі өңірі біріне-бірі сәл жетпей тұратындай етіп тігеді. Сондықтан, түйме орнына қамзолдың алдына зергерлер әшекейден жасаған, алтын, күміс жалатып, асыл тастан көз орнатқан қапсырма қадалады. Қамзолдың желкесінен бастап екі өңіріне және етегіне айналдыра алтын оқа ба-



сады не зер тігеді. Кейде құндыз бен түлкінің қара пұшпағымен әдіптейді. Қыздар мен жас келіншектер киетін қамзол өте сәнді болады. Оның екі омырауына алтын, күміс жалатқан көз алар, шарбақ түймелер, меруерт, маржандар тағылады. Кейбір жерлерде күміс теңгелерді тесіп тағып қояды. Қазіргі кезде жергілікті өнеркәсіп орындары барқыт пен пүліштен сәндеп тіккен қамзол шығаратын болды.

**Қамзол**

Астарлы; Жеңсіз; Жеңіл жаздық киім; Қамзолға қажет мата түрлері:

Барқыт; Пүліш; Мақпал.

Мата (лат. текстиле – мата, материя) – химиялық талшықтар мен жіптерден жасалған. Химиялық талшықтар мен жіптер табиғи синтетикалық жоғары молекулярлық қосылыстарды химиялық өңдеу нәтижесінде алынады. Бастапқы шикізатқа байланысты химиялық талшықтар, жіптер жасанды және синтетикалық деп бөлінеді.

Барқыт – бет жағы тығыз түкті, жұмсақ мақпал мата. Жіңішке жолақтарының арасы тақырланып келген түрін шибарқыт деп атайды. Түгі қалың болып, жолағы жуан келсе жуан шилі барқыт деп аталады.

Мақпал – жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Мақпалдың үш түрі бар: қара мақпал – қара барқыт; қой мақпал – түкті пүліш; қымызы мақпал – қызыл күрең барқыт. Қазақ

халқы мақпал деп көбіне бір тегіс, түгі тықыр әрі түсі қара барқытты атаған. Мақпалдан бешпет, қамзол, кәзекей, тақия, қасаба, бөрік, т.б. ұлттық киім түрлері мен күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар (тұскиіздер, төсек жапқыш, т.б.) тігіледі.

Қамзолдың түйме орнына қапсырманы пайдаланады. Қамзолға астарлық үшін атлас матасын қолданады.

#### IV. Қорытындылау.

Сабағымызды қорытындылай келе, мен сіздерге бүгінгі өткен сабақ бойынша сұрақтар қоямын:

- 1) Қамзол нешінші ғасырда кең тарады?
- 2) Бет жағы тығыз түкті жұмсақ мақта матаны атаңыз?
- 3) Қамзолда түйме орнына қолданатын затты атаңыз?
- 4) Қамзолды қандай маталардан тігеді?
- 5) Қазақ халқының ұлттық киімін атаңыз?

#### V. Бекіту сұрақтары беріледі.

**VI. Үйге тапсырма:** мата қалдықтарын әкелу.

#### VII. Бағалау.

**Жанар НҰРПЕЙІСОВА,**  
«Жас Ұлан» оқушылар үйі,  
дизайн үйірмесінің жетекшісі.  
Жамбыл ауданы,  
Алматы облысы.



# Кесте тігу

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға кесте тігуді үйрету.

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** кесте тігу өнерінің шығу және даму тарихымен және кесте тігудегі технико-технологиялық мәліметтер беру. Құрал-жабдықтарымен, қауіпсіздік техникасымен таныстыру. Жұмыс орнын ұйымдастыру;

**Дамытушылық:** оқушыларды шығармашылықпен жұмысқа баулу. Кесте тігудегі іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

**Тәрбиелік:** кесте тігуде оқушыларды ұқыптылыққа, әсемдікке, көркемділікке, шеберлікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** сарамандық.

**Сабақтың көрнекілігі:** нұсқау карта, кесте түрлері, суреттер.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Бір түсті мата, түсті кесте жіптер, ине, қайшы, кергіш, бор, үлгі.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Сабақтың тақырыбын, мақсатын айту. Оқушыларды жаңа сабаққа дайындау, қауіпсіздік ережесін сұрау.

**II. Жаңа сабақ.**

Кесте тігу үшін жіп, мата, ине (көзі кең қысқа), қайшы, оймақ, біз және кергіш қажет. Иненің жуан жіңішкесі кесте тігетін матаның қалың жұқалығына байланысты болады. Инеге жіп сабақтағанда жіптің ұзындығы 60-50 см-ден аспауы керек. Кергішке кестелегенде оймақ қажет емес. Қайшының ұшы үшкір, ұзындығы 10-12 см дейін ғана болғаны дұрыс. Кестелеу үшін әртүрлі жіптерді пайдаланады. Ұсақ бұйымдарды әдетте шеңбер кергішке кестелейді. Кестелеу кезінде жіптің ұшын түюге болмайды.

Кесте түрлері: Кесте санап тігілетін, яғни жіпті санап отырып кестелеу және еркін сурет нұсқасы бойынша санамай, еркін кестелеу деп бөлінеді.

Кесте тігу — халық өнерінің бір түрі. Ол ерте кезден келе жатқан көне өнер. Кесте-

ні киімді, үй жиһаздарын әсемдеу үшін пайдаланған. Әр халықтың өзіне тән ою-өрнек түрлері, кестелеу тәсілдері, өзіндік мәнерлеу ерекшеліктері қалыптасқан.

Ертедегі адамдар қарапайым маталар мен жіптерден әсем бұйымдарды кестелеген. Бізде осындай бұйымдарды өз қолымызбен дайындап үйренеміз.

Қазақтың ұлттық кесте тігу өнері. Біздің елімізде мекендейтін халықтардың кесте тігу өнері де алуан түрлі. Қайталанбас әсем өрнек түрлері әр халықта кездеседі. Қазақ халқының кесте тігу өнері тігіс тәсілдері мен өрнек түрлерінің қамтылуы жағынан да алуан түрлі, өте бай. Киіз үйді, ат әбзелдерін, ұлттық киімдерді де кестелеп дайындаған. Әсем кестелі бұйымның бір үлгісі — түскиіз.

**III. Практикалық жұмыс.**

Оқушылар бұйымды нұсқау картамен орындайды.

Нұсқау карта «Тор көзді бет орамал»

Жұмыстың орындалу реті:

1. Матаны дайындау;
2. Алдын ала дайындалған матаның жібін суыру арқылы шашақтау;
3. Орамалдың бетін тең бөліктерге бөліп, белгілеу;
4. Бір жіптен суырып алу. (Орамал бетінде шаршы, төртбұрыш өрнектермен көмкерілген қарапайым өрнектер шығады);
5. Төрт жиегінен қарапайым тігіс көктеп тігуді орындау;
6. Осы тігістердің арасынан келесі жіпті тікпей бос алып шығу (толқын тігіс пайда болады);
7. Жұмысты аяқтау.

**IV. Сабақты қорытындылау.**

**Сабақты бекіту.** Оқушылардың жұмыстарын бағалау және көрме ұйымдастыру.

Мадина НУРГАЛИЕВА,  
«Жас Ұлан» оқушылар үйі,  
дизайн үйірмесінің жетекшісі.  
Жамбыл ауданы,  
Алматы облысы.



## Жануарлардың достығы. Ыы дыбысы және әрпі

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Оқыту мақсаттары</b>    | <p>0.1.4.1. Балаларды жаңа ы дыбысымен таныстыру. Ыы дыбысы бар сөздер айтып талдау. Сөйлем, сөз туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>0.2.1.1. Сөз/сөйлем сызбасын құру және оқу.</p> <p>0.2.1.2. Берілген суреттерден ақпаратты табу.</p> <p>0.1.1.1. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.</p> <p>0.1.1.2. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.</p> <p>0.1.2.1. Жазу жолдарына Ы әрпінің баспа түрін жазу</p>                                 |
| <b>Күтілетін нәтижелер</b> | <p><b>Барлық тәрбиеленушілер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сұрақтарға жауап қайтарады.</li> <li>- Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады.</li> <li>- <b>Ы</b> дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. <b>И</b> дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды.</li> <li>- Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі <b>ы</b> дыбысының орнын ажыратады.</li> <li>- <b>Ы</b> дыбысын қатыстырып, сөз, сөйлем құрастырады.</li> <li>- Ы дыбысының баспа түрін жазады.</li> </ul> |
|                            | <p><b>Көпшілік тәрбиеленушілер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Берілген суретке қарап сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратады.</li> <li>- Сөздегі дыбыс санын, ондағы <b>ы</b> дыбысының орнын ажыратады.</li> <li>- <b>Ы</b> дыбысына сөз ойлайды.</li> <li>- <b>Ы</b> дыбысына (дауысты, жуан дауысты) сөз құрайды.</li> <li>- Жазу жолына Ы әрпінің элементтерін жазады.</li> </ul>                                                                                    |
|                            | <p><b>Кейбір тәрбиеленушілер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суретті кітаптардан қажетті ақпаратты табады.</li> <li>- Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысады.</li> <li>- Сөз/сөйлем сызбасын оқиды.</li> <li>- Ыы дыбысын қатыстырып, сөз/сөйлем құрастырады.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Тілдік мақсат</b>       | <p><b>Тәрбиеленушілер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суреттегі заттардың атын атай алады, таниды;</li> <li>- Қол жаттығуына арналған тапсырмаларды орындай алады;</li> <li>- Қимылды сергіту сәттерін қимылмен орындайды.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                              |



|                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                      |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                  | <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері;</b><br><b>ҰОҚ-дағы тапсырмалар мен диалогтерде қолданылатын тіл:</b><br><i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Пікір алмасу.<br>- Суретте не болып жатыр деп ойлайсың?<br>- Ит пен мысық неге өш деп ойлайсың?<br>- Ы дыбысы естілетін сөздерді буынға бөліп айт. Ы нешінші буын-<br>да?<br>Зат атауларын буынға бөліп, дыбыстық талдау жаса.<br>Жануарлардың достығы жайлы бейне жазба көрсетіледі. |                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Өткен ҰОҚ-дан<br/>алған білім</b>                                                             | Дыбыстарды ажыратады. Сөйлем түрлерін қолданады. Қолды үзбей жазады. Сөйлем түрлерін ажыратып, сөйлемдегі сөздердің санын анықтап, сызба бойынша сөйлем құрайды.                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Жоспар</b>                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Жоспарланған<br/>уақыт</b>                                                                    | <b>Жоспарланған іс-әрекет</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <b>Ресурстар</b>                                                                                                                                                                                                     |
| <b>I. Дұрыс әсерлі<br/>көңіл күй орна-<br/>ту.</b><br>0-2 минут                                  | Оқу іс-әрекетіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмос-<br>фера туғызады.<br>Тәрбиеленушілер өлеңді қимылмен,<br>жақсы көңіл-күймен 2-3 рет<br>қайталайды.<br>Күндей жарқырап,<br>Айдай арайлап.<br>Жұлдыздай жайнап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық!!!<br>- Сәлеметсіздер ме! Здраствуйте!<br>Hello!                                                                                            | Тәрбиеленушілер жақсы<br>көңіл-күймен өлең жолда-<br>рын 2 рет қайталап, келген<br>қонақтарға үш тілде аманда-<br>сады.                                                                                              |
| <b>II. Өмірлік<br/>тәжірбиені<br/>өзектендіру.</b><br><b>Мақсатты бол-<br/>жам.</b><br>3-5 минут | (Ұ) <i>Сұрақ жауап әдісі</i> арқылы өткен оқу іс-әрекетін еске түсіру.<br>- Балалар, біз өткен сабақта қандай әріппен таныстық?<br>- Өте жақсы, балалар, өткен оқу іс-әрекетінде сендерге Дд әрпінен келетін сурет салып келуге тапсырма берілді.<br>Балалар бүгін бізде әдеттегідей жай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті емес. Бүгін бізде қонақтар бар және мен сендерге бір жұмбақ жасырғым кеп тұр.                                 | Дд дыбысы.<br>Балалар өздерінің салған суреттеріне қарап, буынға бөліп, дыбыстық талдау жа-<br>сады.<br>Балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтары артып, жұмбақтың шешуін табуға асық болды. |



|                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                           | <p>Сол жұмбақтың шешуін тапсақ,<br/>қандай әріппен танысатынымызды<br/>білеміз.</p> <p><b>Жұмбақ шешу:</b><br/>Кесе, қасық, пиала,<br/>Оларсыз шай құя ма?<br/>Қасықсыз тамақ жемейміз,<br/>Бәрінің атын не дейміз? (Ыдыс)<br/><b>Ыдыс</b> сөзін буынға бөледі.<br/>Ыдыс дегенде қандай дыбыстан бас-<br/>талып тұр?<br/>Ыы дыбысы жуан дауысты дыбыс.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>Ыдыс – посуда – dish</p> <p>Ы-дыс<br/>Ыы дыбысы</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <p>ҰОҚ-ның ор-<br/>тасы<br/><b>III. Тақырып<br/>бойынша<br/>жұмыс.</b><br/>6-27 минут</p> | <p>(Ұ, Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. Ит<br/>пен мысықтың достығы жайлы бейне<br/>жазба көрсету.</p> <p><b>1. Тапсырма:</b><br/>Суретте не болып жатыр деп<br/>ойлайсың?<br/>Суреттен Ыы дыбысы бар сөздерді<br/>ата.<br/>Тауық, мысық, ыдыс сөздеріне<br/>дыбыстық талдау жасау және оларды<br/>үш тілде айту.</p>  <p><b>2. Тапсырма:</b><br/>Сұраққа сөйлем сызбасымен жауап<br/>бер?<br/>Шырын құлынға не берді?<br/>Ыы дыбысы естілетін сөздерді буынға<br/>бөліп айт.<br/>Ыы дыбысы нешінші буында тұр?<br/>Ыы дыбысы жуан дауысты дыбыс.<br/>Біз дауысты дыбысты – қызыл тек-<br/>шемен белгілейміз.<br/>Ыы дыбысын айтқанда тіліміз артқа<br/>жылжиды.<br/>Енді Ыы дыбысы естілетін сөздермен<br/>танысып, суретті бояу.</p> | <p>- Балаларға ит пен<br/>мысықтың достығы жайлы<br/>бейне жазба көрсетеді.<br/>Слайдтан әліппе дәптердегі<br/>суретті көрсету.<br/>Тауық – курица – chicken<br/>Мысық – кошка – cat<br/>Ыдыс – посуда – dish<br/>Балалар суретте берілген<br/>сөздерді буынға бөліп, оған<br/>дыбыстық талдау жасайды.<br/>1-тапсырманы орындай оты-<br/>рып, үш тілде жауап беру.</p> <p>2-тапсырма бойынша ба-<br/>лалар суретке зер салып,<br/>сұрақтарға жауап берді.<br/>Шы-рын, 2 буын, ы дыбысы<br/>1 және 2-буында естіліп тұр.<br/>Құ-лын, 2 буын, ы дыбысы<br/>2-буында естіліп тұр.<br/>Ы-ы-ы-ы-ы</p> |



|                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                  | <p><b>3. Тапсырма:</b><br/><i>Ыы әрпімен таныс бол. Бұл Ыы әрпінің баспа түрі.</i> Тәрбиеші балаларға түрлі тоқыма жіптер мен қыстырмалар береді, балалар Ыы дыбысын үлгі бойынша құрастырып жапсырады.</p> <p><b>4. Тапсырма:</b><br/><i>Тіл ұстарту жаттығуы.</i><br/><i>Шырпы «Ыз-з!» етті,</i><br/><i>Саусағым «Дыз-з» етті.</i></p> <p><b>5. Тапсырма;</b><br/><i>Дәптермен жұмыс:</i><br/>Дәптерімізді ашып,<br/>Әдемі етіп Ыы дыбысының баспа түрін жазамыз.<br/>Тақтаға Ыы дыбысының таспа түрін және жазба түрін іліп қоямын.<br/>Ауада Ыы әрпінің баспа түрін жазғызу.<br/>Қай цифрда ы дыбысы бар?<br/>Тақтаға 1-ден 9-ға дейінгі сандарды іліп қоямын. Балалар тура және кері санайды. Ыы дыбысы бар санды тауып, үш тілде жауап беру.</p> | <p>Балалар суретпен жұмыстанды.<br/>Балалар ы әрпімен таныса отырып, тәрбиешінің көмегімен Ыы дыбысын түрлі тоқыма жіптер мен қыстырмалардан ы дыбысын үлгі бойынша құрастырып жапсырады.<br/>Балалар тіл ұстарту жаттығуын өте жақсы қайталап айтып шықты.</p> <p>Балалар Ыы дыбысының таспаша және жазылу түрімен таныс болады.<br/>Дәптерге әдемілеп жазды.</p> <p>Алты — шесть — six<br/>Тоғыз — девять — nine</p> |
|                                                                  | <p><b>Ойын: «Сықырлы буын»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Тәрбиеші алғашқы буынын айтады, тәрбиеленушілер суретке қарап жалғасын айтады. Мысалы: Ы-дыс, т.б.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>Тәрбиеленушілер сықырлы буын ойынын ойнап, суретке қарап, екінші буынын айтады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <p><b>IV.ҰОҚ-ның Қорытындылау. Рефлексия</b><br/>28-30 минут</p> | <p>- Сонымен, балалар, біз бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай дыбыспен таныстық?<br/>- Ыы дыбысы қандай дыбыс?<br/>- Бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма?<br/>Балаларды жұлдызшалармен мадақтау.<br/>Сау болыңыздар! До свидания! Good bye!</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>- Ыы дыбысы.<br/>- Дауысты дыбыс.<br/>- Иә.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

Аягул Мусағалиевна АБУГАЛИЕВА,  
Шалғын негізгі орта мектебінің мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі.  
Қаратөбе ауданы,  
Батыс Қазақстан облысы.



# Келтіру формулалары

**Сабақтың мақсаты:** келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылар «Шаттық шеңберіне» тұрады, кезектесіп тілек айтады.

**Үй жұмысын тексеру.** Математикалық логикалық есептер беру арқылы «Миға шабуыл».

**Негізгі бөлім.** Тақырыпты ашу.

$\frac{\pi}{2} - a$  мен  $\pi - a$  бұрыштарының, мұндағы  $a$  – сүйір бұрыш, келтіру формулалары сендерге геометрия курсынан белгілі. Мысалы,

$$\sin(90^\circ - a) = \cos a, \quad \cos(90^\circ - a) = \sin a,$$

$$\sin(180^\circ - a) = \sin a, \quad \cos(180^\circ - a) = -\cos a.$$

Осы формулалар бойынша, мысалы,  $\cos 60^\circ = \cos(90^\circ - 30^\circ) = \sin 30^\circ = \frac{1}{2}$ ,  $\sin(150^\circ) = \sin(180^\circ - 30^\circ) = \sin 30^\circ = \frac{1}{2}$  болатынын тапқансындар.

Енді  $\frac{\pi}{2} - a$ ,  $\frac{3\pi}{2} - a$ ,  $\frac{\pi}{2} + a$ ,  $\pi - a$ ,  $\pi + a$ ,  $2\pi - a$  бұрыштарының келтіру формулаларын қарастырамыз. Келтіру формулалары кез келген бұрыштың тригонометриялық функцияларының мәнін олардың сүйір бұрышының мәні арқылы есептеуге мүмкіндік береді. Көрсетілген бұрыштар мен сүйір бұрыштардың тригонометриялық функцияларының арасындағы қатыстарды кестеде көрсетейік.

Осы формулалардың кез келгенін жазу үшін, мына ережелерді пайдаланамыз.

1)  $\infty$  - сүйір бұрыш деп есептеп, теңдіктің сол жағындағы өрнектің таңбасы қандай болса, оң жағындағы өрнектің алдына сондай таңба қояды.

2)  $\pi \pm \infty$  мен  $2\pi - \infty$  бұрыштары функцияларының аттары өзгермейді, ал  $\frac{\pi}{2} \pm \infty$  мен  $\frac{3\pi}{2} \pm \infty$  бұрыштары функцияларының аттары өзгереді. Мысалы: Sin Cos-қа, Cos Sin-қа, Ctg tg-ке ауысады.

**Жаңа тақырыпты бекіту.**

Оқулықпен жұмыс «Шығарып көр әдісі». Оқушылар жұппен жұмыс жасайды.

**658.** а)  $\sin(90^\circ + a) = \cos a$ ; ә)  $\sin(180^\circ + a) = -\sin a$ ; б)  $\cos(270^\circ - a) = \sin a$ ; в)  $\cos(90^\circ + a) = -\sin a$ ; г)  $\tan(90^\circ + a) = \cot a$ ; ғ)  $\cot(180^\circ + a) = \cot a$  теңдігі тепе-теңдік бола ма?

**659. Өрнекті ықшамдандар:**

$$A) \frac{\cos(-a) \cos(180^\circ + a)}{\sin(-a) \sin(90^\circ + a)}; \quad B) \frac{\tan(180^\circ - a) \sin(270^\circ + a)}{\cos(180^\circ - a) \tan(270^\circ - a)}$$

$$\Theta) \frac{\sin(-a) \cot(-a)}{\cos(360^\circ - a) \tan(180^\circ + a)}; \quad B) \frac{\cos(270^\circ + a) \cot(270^\circ - a)}{\sin(180^\circ - a) \tan(270^\circ + a)}$$

**Сәйкестендіру тесті.**

Сәйкестікті тап. Оқушылар бір-бірін тексереді.

| Функция | Аргумент            |                     |           |           |                      |                      |            |
|---------|---------------------|---------------------|-----------|-----------|----------------------|----------------------|------------|
|         | $\frac{\pi}{2} - a$ | $\frac{\pi}{2} + a$ | $\pi - a$ | $\pi + a$ | $\frac{3\pi}{2} - a$ | $\frac{3\pi}{2} + a$ | $2\pi - a$ |
| sin     | cos a               | cos a               | sin a     | - sin a   | -cos a               | -cos a               | - sin a    |
| cos     | sin a               | -sin a              | cos a     | -cos a    | sin a                | sin a                | cos a      |
| tg      | ctg a               | -ctg a              | -tg a     | tg a      | ctg a                | -ctg a               | -tg a      |
| ctg     | tg a                | -tg a               | -ctg a    | ctg a     | tg a                 | -tg a                | -ctg a     |




| № | Тригонометрия формулалары         | Жауаптары                      |
|---|-----------------------------------|--------------------------------|
| 1 | $\frac{\sin \alpha}{\cos \alpha}$ | A. 1                           |
| 2 | $\sin^2 \alpha + \cos^2 \alpha$   | Ә. $\operatorname{tg} \alpha$  |
| 3 | $\frac{\cos \alpha}{\sin \alpha}$ | Б. $\frac{1}{\sin^2 \alpha}$   |
| 4 | $1 + \operatorname{tg}^2 \alpha$  | В. $\operatorname{ctg} \alpha$ |
| 5 | $1 + \operatorname{Ctg}^2 \alpha$ | Г. $\frac{1}{\cos^2 \alpha}$   |

Сабақты бекіту. Рефлексия

Үйге тапсырма: № 660, 661 а), ә)

**Кері байланыс.** Оқушыларға «Білім сандығы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.

### БІЛІМ САНДЫҒЫ



Күләш Орынбайқызы БАЙМҰРАТОВА,  
Матайқұм орта мектебінің математика пәні  
мұғалімі.

Дияр селосы,  
Байғанин ауданы,  
Ақтөбе облысы.



## My country. A Folktale



Айман Арыстановна КУРМАНБЕКОВА,  
№126 мамандандырылған лицейдің ағылшын тілі пәні мұғалімі.  
Әуезов ауданы,  
Алматы қаласы.

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Learning objectives</b> | 6.4.8.1 use with some support familiar paper and digital reference resource to check meaning and extend understanding<br>6.4.4.1 read and understand with some support a limited range of short fiction and non-fiction texts<br>6.4.7.1 recognise typical features at word, sentence and text level in a limited range of written genres                                                           |
| <b>Lesson objectives</b>   | <b>All learners will be able to:</b><br>To write short sentences in a paragraph. Answer the questions. Do exercises with grammar material;<br><b>Most learners will be able to:</b><br>To write short sentences in a paragraph. Answer the questions. Do exercises with grammar material;<br><b>Some learners will be able to:</b><br>Use grammar to make sentences. Speak about places in the city |



|                        |                                                                                                                                                                                        |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Previous lesson</b> | <b><i>Adverbs</i></b>                                                                                                                                                                  |
| <b>Assessment</b>      | <p><i>At the end of the lesson T counts assyks of students. Then she assesses them by quantity of assyks.</i></p> <p><i>1 assyk – 2 points.</i></p> <p><i>5 assyks – 10 points</i></p> |

**Plan**

| <b>Time</b> | <b>Teacher's action</b>                                                                                                                   | <b>Learners' action</b>                                                                                             | <b>Assessment</b>                       | <b>Resources</b>                              |
|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|-----------------------------------------------|
| 4 minutes   | Exercise 1.<br>Which folktales do you know. In pairs, make list of the folktale names and the main characters. Then answer the questions. | Ss say what they know about folktales and discuss in pairs.<br>Ss read the small text box and find out              | Ss get 1 assyk for active participation | English Plus 6 SB, page 88.                   |
| 6 minutes   | Exercise 2. T plays the recording and elicits answers from Ss around the class                                                            | Ss listen and follow the text in their books to find out how the characters in the rubric are related to Kyz-Zhibek | Ss get 1 assyk for each true answer     | English Plus 6 SB, page 88.<br>Listening 2/30 |
| 6 minutes   | T suggests ss to remember differences between words and phrases which are in blue then do the exercise 3.                                 | Ss remember differences between words and phrases which are in blue then do the exercise 3.                         | Ss get 1 assyk for each true comment    | English Plus 6 SB, page 88                    |
| 6 minutes   | TPR: T shows cards of the national Kazakh games and asks 1 student to find the game by moving                                             | Ss find the game and all the class repeat the moving                                                                | Ss have good mood                       | Cards                                         |
| 6 minutes   | T introduce Ss with usage of some particular words.                                                                                       | Ss study the rule and they are able to identify items.                                                              | Ss get 1 assyk for each right answer    | English Plus 6 SB, page 88                    |



